

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАКАНОВА

«Әлеуметтану» пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедрасы

Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАКАНОВА

«Әлеуметтану» пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

(көлемі 2 кредит)

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ӘОЖ

Н.А.ҚАЗБЕКОВ, С.Б.БАЛШИКЕЕВ, У.С.ЖУМАКАНОВА. «Әлеуметтану» пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды, КарМТУ баспасы, 2016.

«Әлеуметтану» пәні бойынша дайындалған әдістемелік нұсқаулар типтік бағдарлама мен оқу жоспарының талаптарына сәйкес және кредитті білім беру технологиясы арнасында жасалған.

Әдістемелік нұсқаулар Қарағанды мемлекеттік техникалық университеттің барлық мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

Пікір жазған:

Университеттің Редакциялық – баспа кеңесі ұсынған

Кіріспе

Әлеуметтану қоғамды, оның ішкі табиғатын және халықтың іс-әрекетін тұтастай зерттейтін бірден-бір маңызды ғылым. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ішінде әлеуметтанудың алатын орны ерекше. Ол қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестердің заңдылықтар мен тенденцияларын анықтауға, қоғамның болашағын болжауға көмектесетін теориялық және эмпирикалық ғылыми зерттеулер негізі. «Социология» термині этимологиялық тұрғыдан алғанда латынның *societas* (қоғам) және гректің *logos* (ілім) деген екі сөзден құралған, ал оны ғылыми қолданысқа енгізген, осы дербес ғылымның негізін салушылардың бірі саналатын француз ойшылы Огюст Конт.

Қазіргі кезеңде «Әлеуметтану» курсы бакалавриаттың барлық мамандықтары үшін жалпыға міндетті курс болып табылады. Бұл курста әлеуметтанудың теориясы мен тарихының жалпы сұрақтары, әлеуметтанулық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі, арнайы әлеуметтанулық теориялар қарастырылған.

Әлеуметтану қоғамды, оның өмір сүруі мен дамуын әлеуметтік құбылыстар, процестер мен қатынастар тұрғысынан қарастырады. Социологияның пәні әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік өзара әрекеттесулер, әлеуметтік қатынастар және оларды ұйымдастыру амалдары Оның зерттеу объектісі – социум деп аталатын әлеуметтік шындық. Демек, оның зерттеу нысаны (объектісі) – қоғам және оның өмір сүру, даму заңдылықтары. Социологияның зерттеу объектісінің ерекшелігі объективті өмірдің нақтылы реалдығымен байланысында.

Қазақстанда жүріп жатқан трансформациялық процестер әкелген жаңа нарықтық қатынастар бұқараның сана-сезімінде үлкен өзгерістер туғызып, бұрынғы мемлекет пен қоғам туралы түсініктер түбегейлі жаңарды. Қазақстан әлеуметтанушылары алдында әлеуметтану ғылымын дамыту, зерттеулер жүргізу, қоғамымыздың болашағын болжау бағыттарында үлкен міндеттер тұр. Ал әлеуметтік философияның нақты әлеуметтік көрінісі болып табылатын әлеуметтану курсының басты міндеттері:

- макро және микросоциологиялық тәсілдер негізінде әлемдегі әлеуметтік өзгерістер динамикасы туралы түсініктерді жасау;
- қазіргі ұйымдарда тиімді жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- әлеуметтік процестерді зерттеу мақсатында негізгі әлеуметтанулық ұғымдармен, концепуиялармен және теориялармен таныстыру;
- әдістерді және әлеуметтанулық зерттеулерді ұйымдастыруды меңгеру;
- студенттерді социологиялық ойлауға, алынған білімдерді қоғамның өзекті мәселелерін білуге және зерттеуге қолдана білу.

Сондықтан, бұл курсты меңгеру студенттерден біліктіліктің келесі түрлерін талап етеді.

Білу:

- әлеуметтанулық ғылым мен білімнің теориялық және қолданбалы негіздерін және қалыптасу заңдылықтарын;
- негізгі әлеуметтанулық ұғымдарды;
- классикалық және қазіргі әлеуметтанулық теорияларды;
- әлеуметтану саласындағы негізгі бағыттар мен қазіргі зерттеулердің нәтижелерін.

Мүмкіндігі:

- қоғамда болып жатқан процестер мен құбылыстарды өз бетінше талдай білу;
- ауызша және жазбаша түрде өзінің ойын дұрыс негіздей отырып қалыптастыра білу;
- білімін нақты ситуацияда қолдана білу;
- кәсіби міндеттерді шешуге альтернативті, жаңа және инновациялық әлеуметтанулық тәсілдерді қолдана білу.

Меңгеру:

- қазіргі қоғамның мәселелерін жобалауда және болжауда, талдауда тұтастық тұрғыдан келу дағдыларын;
- әлеуметтанулық ақпараттардың қол жетімді негіздерін, ақпараттарды талдауды және толықтыруды;
- төзімділікке жіне құрметтеуге негізделген тұлғааралық және мәдениаралық байланыстар дағдыларын;
- әлеуметтік зерттеулер жүргізу әдістемесін;
- ақпараттарды сынамалы тұрғыдан қабылдау қабілетін("сынамалы ойлау");
- көпшілік алдында сөз сөйлеу, өз ойын негіздеу, пікірталас және ғылым сайыс жүргізу дағдысын.

Әдістемелік нұсқаудың міндеті келесі мәселелермен байланысты: осы пән бойынша практикалық жұмыстардың мазмұнын, курсты оқудың әдістерін ашып көрсету, студенттерге әдістемелік материалдар мен оқулық әдебиеттер туралы толық ақпарат беру.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыпта	Сағаттар саны
1.	Әлеуметтану ғылым ретінде	2
2.	Отбасы және гендер әлеуметтануы. Жастар әлеуметтануы. Мәдениет және қоғам.	1
3.	Еңбек және экономикалық өмір әлеуметтануы. Білім және бұқаралық ақпарат құралдары.	1
4.	Әлеуметтанудың қалыптасу және даму негізгі кезеңдері. Қазіргі әлеуметтанулық теориялар.	2
5.	Қоғам және әлеуметтік өзара әрекеттер.	2
6.	Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік стратификация.	2
7.	Тұлғаның әлеуметтенуі.	2
8.	Девиантты мінез құлық әлеуметтануы.	2
9.	Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістемесі.	0,5
10.	Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері.	0,5
Барлығы:		15 сағат

Тапсырмаларды орындауы үшін студенттер лекция сабағы көлемінде және семинар сабағына өзіндік дайындық негізінде теориялық курсты жақсы меңгеруі міндетті. Сондай-ақ Қазақстандық саясатты білуі де қажет. Жазбаша жұмысты дайындауда нақты зерттеуді жоспарлау, оқытушының ұсыныстарын ескеру, сонымен бірге өзінің байқаған мәселелерін көрсетуі керек.

Практикалық жұмыстардың жоспары

Тақырып 1. Әлеуметтану ғылым ретінде – (2 с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Социология ғылымы және оның зерттеу нысаны дегеніміз не?
2. Социологияның объектісі мен пәнін қалай анықтауға болады?
3. «Әлеуметтік» деген не, ол нені білдіреді?

4. Социологияның ғылымының міндеттері мен негізгі қызметтері қандай?
5. Социология ғылымының құрылымы қандай?
6. Теория мен эмпирияның мәні.
7. Социологияның динамикалық және статикалық заңдары.
8. Макро – және микросоциологияның мәні.
9. Жалпы әлеуметтік категориялар мен әлеуметтік заңдар.
10. «Әлеуметтік процес» ұғымы және оның классификациясы.
11. Парадигма деген не және әлеуметтанулық парадигмалар.
12. Әлеуметтанудың басқа қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі орны.

Рефераттар тақырыбы:

1. Социология ғылымы қандай ғылым?
2. «Әлеуметтік» деген не?
3. Әлеуметтанулық ұғымдар.
4. Социологияның әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны мен ролі.
5. Әлеуметтанулық ғылымның құрылымы.
6. Социология ғылымының қызметтері.
7. Социологиялық категориялар және олардың классификациясы.
8. Әлеуметтік заңдар және қызметтердің маңызы.
9. Әлеуметтанудың негізгі парадигмалары.
10. Социологиялық іргелі және қолданбалы теориялардың міндеті?

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бірінші тақырыпты қарастыру барысында социологиялық білімнің теориялық және эмпирикалық деңгейлеріне анализ жасалуы тиіс.
2. Әлеуметтанулық парадигмалар типтеріне және олардың ерекшеліктеріне анализ беру керек (макросоциологиялық теориялар, микросоциологиялық теориялар, сол сияқты орта деңгей теориясы).

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
2. Сәрсенбеков Н.Ж., Жуматова Г.М. Әлеуметтану негіздері (кест түр). Қарағанды: ҚарМТУ, 2011.
3. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
4. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Әлеуметтік», «Макросоциология», «Микросоциология», «Әлеуметтік процес», «Парадигма».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.

2. Дәптерге әлеуметтанудың құрылымы мен қызметтерін түсіру.
3. Әлеуметтанудың негізгі парадигмаларын нақтылы қарастырып конспект жасау.
4. Социология ғылымының құрылымы тақырыбына презентация дайындау.

Тақырып 2. Отбасы және гендер әлеуметтануы. Жастар әлеуметтануы. Мәдениет және қоғам – (1с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Отбасы мен некенің мәні, құрылымы және оның қызметі.
2. Гендер ұғымының анықтамасы мен мәні қандай?
3. Гендер социологиясының пәні мен объектісі.
4. Гендерлік ролдер және гендерлік теңсіздік деген не?
5. Жастардың әлеуметтік –демографиялық топ ретіндегі ерекшелігі
6. «Мәдениет» түсінігінің мәні және оның түрлері мен формалары.
7. Мәдениет пен өркениеттің арақатынасы.

Рефераттар тақырыбы:

1. Отбасының мәні, құрылымы мен тарихи түрлері.
2. Гендерлік теңсіздік мәселелері.
3. Мәдениет пен өркениеттің айырмашылығы мен арақатынасы.
4. Қазіргі жастар және дін.
5. Мәдениет және қоғам.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бірінші сұрақ бойынша отбасының негізгі ұйымдық формалары мен маңызды әлеуметтік қызметтеріне нақты талдау жасап, «отбасы» мен «неке» ұғымдарының мағынасын ашу керек.
2. Үшінші сұрақ бойынша гендер социологиясының пәні мен объектісін көрсету керек.
3. Төртінші сұрақ бойынша гендерлік теңсіздіктің мәнін көрсету қажет.
4. Бесінші сұрақ бойынша И.Конның «Ұрпақ» терминінің көпмағыналылығына көңіл аудару керек.
5. Алтыншы сұрақта кез келген әлеуметтік-мәдени жүйенің бөлінбейтін компоненті ретіндегі мәдениеттің социологиялық түсінігіне анализ беріледі. Мәдениеттің негізгі типтері (элитарлы, халықтық және бұқаралық). Бұл сұрақта, әсіресе, субмәдениет пен контрмәдениетке аса үлкен көңіл беру керек.
6. Жетінші сұрақ бойынша «мәдениет», «қоғам» және «өркениет» ұғымдарының айырмашылықтарын қарастырып, мәдениет пен өркениеттің арақатынасын ашу керек.

Негізгі әдебиеттер:

1. Абдираймова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым. Алматы: Қазақ универ-ті, 2012.
2. Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
4. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011.
5. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. Оқу құралы. Алматы, Қазақ универ-ті, 2010.
6. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
7. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
8. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

- Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.

Негізгі түсініктер:

«Матриархат», «Патриархат», «Эндогамия», «Экзогамия», «Нуклеарлық отбасы», «Гендер», «Гендерлік теңсіздік», «Феминизм», «Ұрпақ», «Мәдениет», «Субмәдениет», «Өркениет».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Дәптерге отбасы мен некенің мәні, құрылымы мен оның тарихи түрлерін конспектілеу.
3. «Мәдениет» түсінігінің мәні және оның түрлері мен формалары анықтап конспект жасау.
4. «Мәдениеттің негізгі тармақтары мен формалары» тақырыбына презентация дайындау.

Тақырып 3. Еңбек және экономикалық өмір әлеуметтануы. Білім және бұқаралық ақпарат құралдары – (1с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Еңбек адам өмірінде қандай мақсаттарды орындайды?
2. «Экономикалық адам», «Технологиялық адам» деген не?
3. «Биологиялық адам», «Әлеуметтік-психологиялық адам» деген не?
4. «Әлеуметтік инфроқұрылым» деген не?
5. Білім берудің мәні және қызметтері.
6. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы әлеуметтік ролі.

Рефераттар тақырыбы:

1. Еңбек, оның қызметтері мен мазмұны.
2. Кісіп және жұмыссыздық мәселесі.
3. Менеджердің қызметі.
4. Әлеуметтік инфроқұрылым деген не?
5. Қоғамдағы экономиканың қызметі.
6. Білім берудің мәні, тарихи кезеңдері және қызметтері.
7. Бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы мен ролі.
8. Әлеуметтік инфроқұрылым және оның негізгі нысандары.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бұл тақырыпты оқу барысында еңбектің әлеуметтік ролімен бірге «Экономикалық адам», «Технологиялық адам», «Биологиялық адам», «Әлеуметтік-психологиялық адам» ұғымдарын жан-жақты ашып қарастыру қажет.
2. Төртінші сұрақ бойынша «Әлеуметтік инфроқұрылымның» қоғам үшін маңызы мен негізгі нысандарына нақты көңіл қою керек.
3. Қоғамды дамытудағы білім мен бұқаралық ақпараттық құралдардың маңызды ролі мен міндеттерін нақты қарастыру қажет.

Негізгі әдебиеттер:

1. Аженов М.С., Садырова М.С., Омарова А.Л. Білім социологиясы. Оқулық. Алматы: «Эверо», 2011.

2. Болатова А.Н.,Исмағамбетова З.Н.,Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
4. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
5. Қарабаев Ш.К. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
6. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
7. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. РахметовҚ.Ж.,Болатова А.Н.,ИсмағамбетоваЗ.Н. Социология. Оқулық. Алматы,2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы,2001.

Негізгі түсініктер:

«Еңбек», «Кәсіп»,«Экономикалық адам»,«Технологиялық адам», «Биологиялық адам», «Әлеуметтік-психологиялық адам», «Әлеуметтік инфроқұрылым».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. «Экономикалық адам»,«Технологиялық адам», «Биологиялық адам», «Әлеуметтік-психологиялық адам» ұғымдарын анықтап қарастырып оларды дәптерге конспектілеу.
3. «Әлеуметтік инфроқұрылым» ұғымынның мазмұнын ашып конспект жасау.
4. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы маңызы мен ролін қарастырыңыз.

Тақырып 4. Әлеуметтанудың қалыптасу және даму негізгі кезеңдері. Қазіргі әлеуметтанулық теориялар - (2с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Әлеуметтік білімнің жинақталуы және оның тарихи кезеңдері.
2. Конфуцийдің әлеуметтік жүйесі және Мо-Цзының әлеуметтік теңдік идеясы.
3. Платон іліміндегі социология үшін басты мәселелер.
4. Аристотельдің әлеуметтанулық ойлары.
5. О. Конттың қоғам дамуының үш стадиясы жөніндегі ілімі.
6. О. Конттың позитивтік социологиясы.
7. Г.Спенсердің органикалық теориясы.
8. Марксистік социологияның дамуы мен ерекшелігі.
6. Макс Вебердің социологиялық ғылымды дамытуы.
7. Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясы.
8. Р.Даррендорфтың әлеуметтік тартыс тұжырымдамасы
9. XX-ы ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттары. (Г.Тард,Т.Парсонс, Р.Мертон, В.Парето, Дж.Г.Мид, П.Сорокин, Я.Морено, Р.Дарендорф)

Рефераттар тақырыбы:

1. Ежелг Қытай ойшылдарының әлеуметтік-саяси идеясы.
2. Платон, Аристотель ілімдеріндегі социологиялық мәселелер.
3. О.Конттың позитивизм теориясы.
4. Қоғам туралы Г.Спенсердің органикалық теориясы
5. Марксизм социологиясы.
6. М.Вебер социологиялық тұжырымдамасының мәні.
7. М.Вебердің дін әлеуметтануы.

8. Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясы.
9. Құрылымдық-функционализм тұжырымдамасының мәні. (Т.Парсонс, Р.Мертон.)
10. Р.Даррендорфтың әлеуметтік тартыс тұжырымдамасы.
11. Феноменологиялық әлеуметтану және символдық интеракционизм
12. Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-саяси көзқарастары.
13. Қазақ либерал демократтардың әлеуметтік-саяси көзқарастары (А.Байтұрсынов, А.Букейханов, М.Дулатов).

Әдістемелік нұсқаулар:

1. О.Конттың социологиялық концепциясын қарастыру («Позитивті философия курсы» еңбегі) конттық «ғылымдар пирамидасы», О.Конттың позитивизм, әлеуметтік статика және динамика ұғымдарына анализ жасау қажет. О.Конттың социологиялық тұжырымдамасының басты өзегі – «әлеуметтік реттілік пен әлеуметтік прогрес» мұраты болатынына нақты талдау жасау керек.
2. Г.Спенсердың социологиялық теориясына анализ беру («Әлеуметтік статика» т.б. еңбектері), Спенсер бойынша қоғам түрлері (әскери және өнеркәсіптік), эволюция теориясын нақты қарастыру керек.
3. К.Маркстің концепциясын («Капитал» еңбегі), оның базис және қондырма, қоғамдық-экономикалық формацияның түрлерін (алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік) нақты қарастырып шығу керек.
4. Э.Дюркгеймнің ұжымдық сана теориясы, ынтымақтастық теориясы қарастыра отырып ынтымақтастықтың түрлерін (механикалық, органикалық) анықтау қажет. Дәстүрліден индустриалды қоғамға өту туралы және әлеуметтік аномия теориясына талдау жасау. Өзін-өзі өлтіру және оның түрлеріне (эгоистік, альтруистік, аномиялық) нақты талдау жасап қарастыру қажет.
5. М.Вебердің «Протестанттық этика және капитализм рухы» т.б. еңбектеріне анализ жасау. Оның әлеуметтік теориясы. Рационалдылық теориясы және әрекеттердің негізгі түрлерін (мақсатты рационалды, құндылықты-рационалды, аффективті, дәстүрлі) анықтау керек. Биліктің түрлері (легальді, дәстүрлі, харизматикалық) және дін әлеуметтануына талдау жасау қажет.
6. Құрылымдық функционализм Т.Парсонстың жүйе теориясын («Қазіргі қоғамның жүйесі» еңбегі бойынша) қарастыру. Т.Парсонс бойынша қоғам жүйелерінің бөлшектері (подсистема)- мәдениет, саясат және экономика, олардың қызметін талдау. Р.Мертонның функционализмнің негізгі постулаттарын сынауымен танысу қажет.
7. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» трактатындағы әлеуметтік-саяси көзқарастары мен қазақ либерал демократтарының әлеуметтік-саяси көзқарастарына талдау жасау керек.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

- Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
- Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
- Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Позитивизм», «Социологизм», «Эмпиризм», «Әлеуметтік статика», «Әлеуметтік динамика», «Социометрия», «Структурализм», «Функционализм», «Феноменология», «Әлеуметтік реализм», «Символдық интеракционизм», «Классикалық социология», «Бейклассикалық социология», «Эклектикалық социология».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Конфуцийдің әлеуметтік жүйесі және Мо-Цзының әлеуметтік теңдік идеясын. анықтап қарастырып оларды дәптерге конспектілеу.
3. О.Конттың позитивизм теориясына, Г.Спенсердің органикалық теориясына, Марксизм социологиясына конспект жасау.
4. М.Вебер социологиялық тұжырымдамасына, Э.Дюркгеймнің әлеуметтік реализм теориясына, Т.Парсонстың құрылымдық-функционалистігіне, Р.Мертонның «Орта деңгей» теориясына конспект жасау.
5. Р.Даррендорфтың әлеуметтік тартыс тұжырымдамасына конспект жасау.
6. Дж.Г.Мид символдық интеракционистігіне конспект жасау.
7. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан әлеуметтік-саяси көзқарастарын қарастырып конспект жасау.
8. А.Байтұрсыновтың, А. Букейхановтың, М.Дулатовтың әлеуметтік-саяси көзқарастарын жан-жақты қарастырып конспектілеу .
9. «XX-ы ғасырдағы әлеуметтанудың негізгі бағыттары» тақырыбына презентация дайындау.

Тақырып 5. Қоғам және әлеуметтік өзара әрекеттер – (2с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Қоғам түсінігінің мәні мен құрылымы
2. Қоғамның түрлері мен даму теориялары.
3. Қоғам - әлеуметтік жүйе
4. Қоғамдық прогресс және регресс.
5. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер және оның түрлері.
6. Азаматтық қоғам деген не?
6. Әлеуметтік әрекеттер мен өзара әрекеттер.
7. Әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік байланыс
8. Әлеуметтік институттар.

Рефераттар тақырыбы:

1. Қоғамның әлеуметтік жүйе ретіндегі мәні мен құрылымы.
2. Қоғамдық даму теориялары.
3. Әлеуметтік әрекеттер мен өзара әрекеттер
4. Әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы.
5. Азаматтық қоғамның қалыптасуы және демократия.
6. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік ұйымдар.
7. Әлеуметтік өзгерістер: мағынасы мен түрлері.
8. Вебердің бюрократия концепциясы.
9. Қоғам және мәдениет.
10. Әлеуметтік байланыстар және оның түрлері.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бірінші сұрақтың деңгейінде О.Конт, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм, М.Вебердің, Т.Парсонстың қоғам туралы теорияларын қарастыру керек.
2. Екінші сұрақтың негізінде Г. Спенсердің, К. Маркстің, К. Поппердың, Д. Беллдің қоғамның түрлері туралы қарастыру.
3. Бесінші сұрақ бойынша азаматтық қоғамның қалыптасуы және дамуы мен маңызына көңіл қою қажет. Азаматтық қоғамның демократиямен байланысын ескеру керек.
4. Алтыншы сұрақ барысында индивид және әлеуметтік институтты қоғамның негізгі элементі ретінде талдау керек. Әлеуметтік институттардың, ұйымдардың универсалды және спецификалық қызметтерін қарастыру қажет.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н.,Исмағамбетова З.Н.,Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды,2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
- 3.Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. РахметовҚ.Ж.,Болатова А.Н.,ИсмағамбетоваЗ.Н. Социология. Оқулық. Алматы,2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы,2001.
3. Социология.Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған– Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Қоғамдық прогресс», «Қоғамдық регресс», «Индустриалдық қоғам», «Постиндустриалдық қоғам», «Ақпараттық қоғам», «Әлеуметтік цикл», «Әлеуметтік өзгеріс», «Әлеуметтік тұрақтылық», «Әлеуметтік статика», «Әлеуметтік байланыс».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Қоғамның түрлері мен даму теорияларын («Күштеу теориясы», «Материалистік теориялар:- «Қажеттіліктің өсу теориясы, «географиялық материализм», «демографиялық» теория») қарастырып конспект жасау.
3. Азаматтық қоғамның мәні мен қоғам дамуындағы маңызды ролін анықтап конспект дайындау.
4. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік ұйымдардың қоғам өміріндегі маңызы мен міндеттерін қарастыру.
5. «Қоғамның әлеуметтік жүйе» тақырыбы бойынша презентация дайындау.

Тақырып 6. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік стратификация – (2с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Әлеуметтік теңсіздік және стратаға бөліну.
2. К.Маркстің таптар туралы ілімі.
3. М.Вебер әлеуметтік стратификация теориясы.
4. П.Сорокиннің әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобилділік теориясы.

Рефераттар тақырыбы:

1. Әлеуметтік стратификацияның мәні.

2. П.Сорокиннің әлеуметтік стратификация теориясы.
3. Қазақстанның әлеуметтік құрылымы.
4. К.Маркс пен М.Вебер - қоғамның таптарға бөлінуі туралы.
5. Әлеуметтік статус. Статустардың түрлері.
6. Тап теориясы. Әлеуметтік топтардың теориялары.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бірінші сұрақтың негізінде әлеуметтік стратификацияның мынадай тарихи формаларын: құлдық, касталық, сословиелік және таптық, жүйелікті қарастыру керек.
2. Бұл тақырыпты қарастыру барысында «әлеуметтік стратификация» ұғымын, «страта», «теңсіздік» ұғымдарын қарастырып, сол сияқты К.Маркс, М.Вебер функционализм, П.Сорокиннің, т.б. әлеуметтік стратификация концепцияларын талдау. М. Вебер, Р. Дарендорф, Т.Парсонс тұжырымдамаларындағы әлеуметтік стратификация өлшемдерін қарастыру керек.
3. К.Маркстің, М.Вебердің, Л.Уорнердің топ туралы концепцияларын қарастырып, «әлеуметтік топ» және оның түрлерін: бастапқы және соңғы, үлкен және кіші топтар, шынайы және номиналды топтар, референтті топтардың түрлеріне анализ беру.
4. Әлеуметтік мобильділіктің жалпы теорияларын, оның негізгі түрлерін: жеке және таптық мобильділік, тік (көтерілу мен құлдырау) және көлденең мобильділік, құрылымдық мобильділік, географиялық мобильділіктің түрлеріне анализ беру.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
3. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.
4. Аженов М., Бейсенбаев Д. Социальная стратификация в РК. Алматы, 1997.

Негізгі түсініктер:

«Әлеуметтік стратификация», «Страта», «Теңсіздік» «Әлеуметтік мобилділік», «Әлеуметтік рөлдер», «Әлеуметтік статус», «Әлеуметтік топ».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. К.Маркстің таптар туралы ілімімен танысып конспект жасау.
3. М.Вебердің әлеуметтік стратификация теориясын қарастырып оны К.Маркстің таптар ілімімен салыстыру.
4. П.Сорокиннің әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобилділік теориясын
5. Қазақстанның әлеуметтік құрылымын, «орташа тапты» қалыптастыру мәселелерін нақтылы талдап, ол туралы конспект дайындау.

Тақырып 7. Тұлғаның әлеуметтенуі – (2с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Тұлға, адам, индивид ұғымдары және адам өлшемдері.
2. Тұлғаның әлеуметтену теориялары.
3. Әлеуметтік роль және статус.
4. Тұлғаның әлеуметтену процесі.
5. Тұлғаның әлеуметтік типологиясы.
6. Тұлға әлеуметтік қатынастардың объектіс және субъектісі.
7. «Идентичность» және «идентификация» ұғымдары.

Рефераттар тақырыбы:

1. Ч.Х. Кули мен Дж.Г.Мид: - тұлғаның рольдік тұжырымдамасы.
2. З. Фрейд тұжырымдамасындағы тұлға құрылымының үш элементі.
3. Тұлғаның әлеуметтену жолдары.
4. Тұлғаның саяси-құқықтық әлеуметтенуі.
5. Э.Эриксонның идентичность концепциясы.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Екінші сұрақтың барысында әлеуметтенудің жалпы теориясы мен габитус ұғымын қарастыру. З. Фрейдтің, Ч. Кулидің, Дж. Мидтің әлеуметтену концепциясын талдау. З. Фрейд тұжырымдамасындағы тұлға құрылымының үш элементін ашып талдау қажет.
2. Төртінші сұрақтың деңгейінде әлеуметтенудің мынадай кезеңдерін: бастапқы және соңғы әлеуметтену; балалық шақ, жастық шақ, зерделі шақ, кәрілік шақ кезеңдерін қарастыру.
3. Алтыншы сұрақтың деңгейіндегі әлеуметтену агенттерін қарастыруда бастапқы (первичная) топқа үлкен мән беріп, оның әлеуметтену процесс кезеңіндегі рөлін талдау.
4. Бесінші сұрақтың негізінде тұлғаның құндылықтық бағыттағы типологиясын анықтау керек.
- 5.«Идентичность» және «идентификация» ұғымдарын қарастырып, Э.Эриксонның идентичность концепциясына анализ жасау қажет.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н.,Исмағамбетова З.Н.,Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды,2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
- 3.Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. РахметовҚ.Ж.,Болатова А.Н.,ИсмағамбетоваЗ.Н. Социология. Оқулық. Алматы,2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы,2001.
3. Социология.Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған– Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Адам», «Идивид», «Тұлға» «Айналы мен», «Супер эго», «Символдық интеракционизм тәртібі», «Санасыздық», «Идентичность», «Девианттық қылық».

СӨЖ тапсырмалары

- 1.Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Тұлға, адам, индивид ұғымдары және адам өлшемдерін анықтап, әлеуметтік роль және статусың мәнін қарастырып конспект дайындау.

3. Тұлғаның әлеуметтену теориялары мен әлеуметтену процесі туралы конспект жасау.
4. «Тұлғаның әлеуметтену процесі» тақырыбы бойынша презентация дайындау.

Тақырып 8. Девиантты мінез құлық әлеуметтануы – (2с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Девиантты мінез құлық деген не? Позитивті және негативті девиация.
2. Девиантты мінез құлықтың биологиялық, психологиялық және функционалистік теориялары.
3. Э.Дюркгейм - адамның мінез-құлықтарының төмендеуі туралы.
4. М.Вебер әлеуметтік іс-әрекет және қимыл туралы.
5. Р.Мертон ұсынған девиантты іс-әрекеттердің классификациясы.
6. Дау-жанжалдық және бақылау теориялары.
7. Құқықтық мінез-құлық және девиация.

Рефераттар тақырыбы:

1. Девиацияның биологиялық және психологиялық теориялары.
2. Функционалистік теориялар.
3. Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлығы. Әлеуметтік аномия.
4. Р.Мертонның теріс мінез-құлық типологиясы.
5. Интеракционистік теориялар.
6. Х.С.Беккердің стигмация теориясы.
7. Қазақстан қоғамындағы девиацияның өзекті мәселелері.
8. Қоғамның құндылықты-нормативтік жүйесінің маңызы.
9. Құқықтық девиацияның себептері мен ерекшеліктері.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Бірінші сұрақтың барысында девиация ұғымын қарастыру.
2. Екінші сұрақ негізінде девиация мынадай түрлерін: мәдени және психикалық девиацияны, жеке және топтық девиацияны, бастапқы және соңғы девиацияны, девиацияның мәдени қабылданған түрлерін талдау.
3. Үшінші сұрақтың негізінде Э.Дюркгеймнің, Т.Парсонстың, Р.Мертонның әлеуметтік аномия теориясына көңіл қою қажет.
4. Бесінші сұрақтың барысында Р.Мертон ұсынған девиантты іс-әрекеттердің классификациясын талдау.
5. Алтыншы сұрақтың негізінде деликвенттілік, стигмация ұғымдарын қарастыру. «Әлеуметтік бақылау» ұғымына анализ беріп, оның нормалар мен санкциялар арқылы жүзеге асырылуын талдау.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.

2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
3. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Девиация», «Суицид», «Функционализм», «Интеракционализм», «Аномия», «Әлеуметтік бақылау».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Девиантты мінез құлықтың биологиялық, психологиялық және функционалистік теорияларын нақты қарастырып конспект дайындау.
3. Э.Дюркгейм, М.Вебер, Р.Мертонның адамның мінез-құлығы мен іс-әрекеттері туралы тұжырымдарымен танысу.
4. Қазақстандық қоғамның құндылықты-нормативтік жүйесінің мәселелеріне талдау жасау.

Тақырып 9. Әлеуметтанулық зерттеулердің әдістемесі – (0,5с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Ғылыми методология және әдіс-тәсілдер ұғымы.
2. Әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі түрлері.
3. Әлеуметтанулық зерттеулердің жоспары.
4. Жиналған әлеуметтік мәліметтерді іріктеу мен қорытынды жасау.

Рефераттар тақырыбы:

1. Әлеуметтік құбылыстарды зерттеу тәсілі туралы теориялық түсініктер.
2. Әлеуметтанулық зерттеулердің бағдарламасын, жоспарын жасау.
3. Әлеуметтік мәліметтерді жинау әдіс-тәсілдері.
4. Ғылыми қорытынды жасау және оны тексеру.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Социологиялық зерттеу әдістерінің жалпы анализін жүргізу (сапалық және сандық), зерттеу процедурасын қарастыру. Қолданбалы социологиялық зерттеу бағдарламасының құрылымын, зерттеудің мәселелерін, оның негізгі ережелерін, зерттеу объектісі мен пәнін, мақсаты мен міндеттерін сипаттап, эмпирикалық интерпретация мен негізгі ұғымдарды талдау, зерттеу гипотезасы мен негізгі ұғымдарды талдау, зерттеу гипотезасы мен оның негізгі ережелерін, зерттеудің іріктеу әдістері мен құралдарын қарастыру.
2. Әлеуметтанудағы іріктеу ұғымын қарастыру. Басты және іріктеу жиынтықтары ұғымын, іріктеу репрезентативтілігін қамтамасыз етудің негізгі ережесі мен іріктеудің негізгі модельдерін құру, оның ішінде іріктеудің квоттық моделін талдау.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н.Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.

3. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Зерттеу объектісі», «Зерттеу субъектісі», «Методология», «Әдіс-тәсілдер», «Іріктеу», «Контент-талдау», «Эксперимент».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Ғылыми методология және әдіс-тәсілдер ұғымдарын қарастырып, әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі түрлерін анықтаңыз.
3. Әлеуметтік мәліметтерді жинау әдіс-тәсілдерімен танысып конспект жасау.
4. «Әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі түрлері» тақырыбы бойынша презентация дайындау.

Тақырып 10. Әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістері – (0,5 с.)

Практика жұмысының жоспары:

1. Әлеуметтанудағы әдіс, әдістеме, техника және процедура ұғымдары.
2. Бақылау әдісі: - ғылыми бақылау, тікелей бақылау және эксперимент.
3. Сұрау, анкеталар тарату және интервью.
4. Математикалық-статистикалық әдіс.
5. Салыстыру және құжаттарды талдау әдістері.
6. Социометриялық зерттеу.

Рефераттар тақырыбы:

1. Сауалнама жүргізудің ережелері мен қағидалары.
2. Ғылыми байқаудың түрлері мен ерекшелігі.
3. Құжаттарды талдау әдістері.

Әдістемелік нұсқаулар:

1. Сауалнама мен оның түрлерін қарастыру: интервью және оның түрлері, анкеталық сауалнама. Анкетаның логикалық құрылымын бейнелеу және анкетаның сұрақтарын құрастырудың жалпы ережелері. Сол сияқты телефондық және почталық сауалнаманы қарастырып, мәліметтерге анализ беру. Бақылау әдісін, оның түрлерін, процедурасын және бақылаудағы алынған мәліметтерге анализ жасау. Құжаттарға анализ беру әдісін қарастыру. Контент-анализ. Эксперимент және оның өткізілуінің ережелері. Социометриялық зерттеу қорытындысының анализі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
2. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
3. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011
4. Қарабаев Ш.К. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
5. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
6. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н. Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
2. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
3. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

Негізгі түсініктер:

«Ғылыми бақылау», «Тікелей бақылау», «Эксперимент», «Социометрия», «Контент-анализ», «Респондент».

СӨЖ тапсырмалары

1. Берілген әдебиеттерді қолдана отырып рефераттарды және төменгі тапсырмаларды орындау.
2. Әлеуметтанудағы әдіс, әдістеме, техника және процедура ұғымдарын анықтап қарастыру.
3. Бақылау әдісі: - ғылыми бақылау, тікелей бақылау және эксперименттің маңызын ашып қарастырып ол туралы конспект дайындау.

Қорытынды

Қазіргі замандық тұлғаны жан-жақты жетілдіруге бағытталған жоғары білім беру жүйесінде әлеуметтануды оқыту маңызды роль атқарады. Әлеуметтанулық білімді игеру студенттер үшін күрделі танымдық мәселелерді алға тартады. Әлеуметтану қоғамдағы жүріп жатқан әлеуметтік процестердің заңдылықтары мен тенденцияларын анықтауға, қоғамның болашағын болжауға көмектесетін теориялық және эмпирикалық ғылыми зерттеулер негізі.

Әлеуметтанудың оқу пәні ретіндегі басты міндеті – ол болашақ мамандардың қоғам туралы ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, шығармашылық ой ойлауды, методологиялық дағдыларын дамыту. Осындай күрделі мәселелерді шешу үшін студенттер әлеуметтанудағы қоғамның даму заңдарын, ұстанымдары мен категорияларын жетік білулері тиіс. Теориялық және әлеуметтік-практикалық материалдарды ғылыми талдауды меңгеруге міндетті. Жоғары оқу орындарының студенттеріне бұл пән әлеуметтік білімдердің негізін үйретіп қана қоймайды, сонымен бірге оларды қазіргі заманғы эмпирикалық социологиялық зерттеулер жүргізудің дағдыларымен де таныстырады. Сондай-ақ, әлеуметтанудың теориялық және методологиялық мәселелеріне байланысты ғылыми мәліметтерге қол жеткізеді.

Қолданған әдебиеттер

1. Абдираймова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым. Алматы: Қазақ универ-ті, 2012.
2. Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н., Мырзабекова А.Ш. Социология. Қарағанды, 2011.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Алматы: «Эверо», 2011.
4. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А.Л. Білім социологиясы. Оқулық. Алматы: «Эверо», 2011.
5. Елікбаев Н.Е. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. Қарағанды, 2011.
6. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. Оқу құралы. Алматы, Қазақ универ-ті, 2010.
7. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2007.
8. Икенов А.И., Жүсіпова А.Д., Әлеуметтану негіздері. Алматы: 2004.
9. Социология. Оқулық. Жалпы редакциясы Ә.Н. Нысанбаев. Алмат: Философия және саясаттану институты 2002.
10. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исағамбетова З.Н. Социология. Оқулық. Алматы, 2005.
11. Аженов М.С., Жаназарова З.Ж. Жалпы социология. Алматы, 2001.
12. Социология. Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған – Тұрғынбаев Ә.Х. Алматы, 2001.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Практикалық жұмыстардың тақырыптық жоспары.....

Практикалық жұмыстардың жоспары.....

Қорытынды.....

Қолданған әдебиеттер

Мазмұны